

№ Q00015 05.02.2022 ж

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ХАКИМОВА ХАЛИДА РАСУЛТАЕВНА

*Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Манкент ауылы
Ибрагим Ата атындағы ЖОМ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «*Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу*» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-күр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2.Сенімділікке тәрбиелеу.

3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

- **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға

көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шындалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Жанартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

ДУЙСЕМБЕКОВА КАРГАШ ЕЛЕУОВНА

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы

Ақтасты ауылы №32 ЖББМ. Бастауыш сынып мұғалімі

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады.

Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет.

Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді.

Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады.

Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді.

Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады.

Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жана өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді».

Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен.

Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдмды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

БЕКБЕРГЕНОВА НҰРГУЛЬ ЖИНИСОВНА

Атырау қаласы № 3 "Қарлығаш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты болады. Нәтижесінде әріптерді жазуда, суретті салуда қисықтық, еңбек сабағында жасаған заттарында дәлдік жоқ болады. Кейде бала ден шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жежетін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып қойып немесе тақтайшада ұқсас формаларға орналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу
Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатынүрдіс дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.).Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады.

Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әр түрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.)Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге

тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүрістұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

АТА-АНА БАЛА БАЛАБАҚША

ТУЛЕШОВА БИБИСАРА

Атырау қаласы № 3 "Қарлығаш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатады. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек.

Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді.

Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді.

Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек.

Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз.

Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған. Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт.

Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Монтессори әдістемесі бойынша заттық ойындар топтамасы

ОМАРОВА АЙНҰР СҰЛТАНҒАЛИҚЫЗЫ

Атырау қаласы № 3 "Қарлығаш" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүниетанымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-өрісін дамытып, еңбекке баулу балабақшалардағы барлық топтарға бірдей ортақ міндеттер. Заттық орта жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат тамшыларын бақылатып, баланың таным, сезім қабілетін жетілдіру басты роль атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында тәрбиеші әр заттың аты, сапасы, қажеттігі жайында түсіндіреді. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеді. Айналадағы қоғамдық өмір өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқанда да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп баланы заттық ортаға сөзбен қызықтырып, қабілетін дамыту көзделеді.

Мектепке дейінгі оқу тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту үшін – монтессори әдісін қолдану тиімді. Монтессори материалы арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Монтессори материалы қандайда бір іс- әрекетке итермелейді.

Монтессори әдістемесі келесі аймақтар бойынша іске асады:

1.Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар (Күнделікті өмір жаттығулары) - ең алғашқы жылында бала қозғалыс жасау үстінде жүреді. Онда сензитивтік кезеңнің даму жолы қалыптасады. Алғашында қозғалысы онша болмағандықтан, моторлық жүйесін қосу үшін тәрбиенің негізіне үлеседі. Моторлық даму жеке -дара қозғалыс темпін құлшындыруға әсерін тигізеді. Оған қозғалыс жасау үшін түрлі жаттығулар жасалады, өзіндік іс-әрекетке итермелейді. Бір сызықтың бойымен жүру тепе-тендік сақтауға итермелейді. Басқада топтық жаттығулар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар бір-бірін сыйлауға үйретеді. Жаттығуға арналған материал тәжірибе жасау барысында жас ерекшелігіне сай болу керек. Жаттығудың шарты түсінікті болу керек. Нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйренеді. Жаттығулардың негізгі мақсаты: баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері:

- 1.Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.
- 2.Металды тазалау.
- 3.Кесілген гүлдерді күту жолдары.
- 4.Бір сызықтың бойымен жүру.
- 5.Тыныштандыру жаттығулары.

6.Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.

2.Сезім мүшесін дамытатын материалдар (Сенсорлық аймақ) - әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады. Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады. Бірақ ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде бала сол материалмен жұмыс жасау жолын толығымен таныс болу керек. Мұнда жұмыс барысында балаға сөз беріледі. Тапсырманы орындай алмайтындарға қайтадан тағы бір сабақ өткізу керек.

«Қызғылт мұнара» ойыны

Мақсаты: үлкен, кішкентай түсініктерін қалыптастыру, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Шарты: кілемнің үстінде шаршылар шашылып жатады. Тәрбиеші баланың алдына ең үлкен шаршыны қояды, ал бала сондай шаршыны сол шаршының үстіне қою керек.

Қажетті құралдар: «Қызғылт мұнара» 10 шаршыдан құралады (ауыр ағаш, қызғылт түс) шаршының мөлшері 1см ден 10 см ге дейін барады.

«Пирамида» ойыны

Мақсаты: түстер туралы негізгі білімдерін бекіту, пішіндерді дұрыс атай білуге үйрету, саусақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту.

Шарты: бала ойыншықты алдына қойып дөңгелек пішіндерді,олардың түстерін атайды, тура және кері санайды.

Қажетті құрал: ағаштан жасалған жасыл, сары, көк, қызыл түсті дөңгелек пішіндер.

«Пингвин-пирамида»ойыны

Мақсаты: түстер туралы білімдерін бекіту, пішіндерін дұрыс атай білуге дағдыландыру, қол, саусақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.

Шарты: бала түрлі-түсті пішіндердің түсін атайды және көлеміне қарай пингвин-пирамида құрастырады.

Қажетті құрал: ағаштан жасалған қызыл, сары, жасыл, көк және қара түсті дөңгелектер.

«Моншақтар лабиринті»ойыны.

Мақсаты: түстерді ажырата білуге үйрету, саусақ моторикасын, ойлау, есте сақтау қабілетін, қиялын дамыту, қызығушылығын арттыру.

Шарты: ойыншықты алдына қойып, түрлі-түсті шарларды екі немесе үш саусақпен ұстау арқылы бірізділік принципін сақтай отырып жоғарыдан төменге қарай және керісінше жүргізу.

Қажетті құрал: қызыл, сары, көк, жасыл түсті шарлар, лабиринт.

«Ойыншықтарды жіптен өткізу» ойыны

Мақсаты: балалардың қол, саусақ моторикасын, ойлау қабілеттерін, қиялын

дамыту, ептілікке, икемділікке тәрбиелеу.

Шарты: бала жіппен бекітілген ойыншықты алдына қояды, оларды қайтадан жіптен өткізу арқылы бекітеді, суреттегі ойыншықтардың атын атайды.

Қажетті құралдар: жіптен өткізілген ойыншықтар.

3.Математикалық материалдар (Математикалық аймақ) - математикалық материалдар ойлау қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген заттармен жұмыс жасау арқылы өз білімін жетілдіреді. Монтессори материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді. Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді. Сан және онға дейін санау жүйесін тез игереді. Математикалық монтессори материалы баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарын іздеуге тырысады. Математикалық материалды пайдалану жүйесін білген соң, түрлі қиын тапсырмаларын қиындықсыз орындайды. Мысалы: ашық түсті моншақтарды пайдалану арқылы сан құрамымен пішін туралы түсініктері пайда болады.

«Геометриялық пішіндер пирамидасы» ойыны

Мақсаты: түстерді, пішіндерді дұрыс атауға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту, саусақ моторикасын жаттықтыру.

Шарты: бала геометриялық пішіндерді атайды, түстерін ажыратады, пирамида құрастырып ойнайды.

Қажетті құрал: ағаштан жасалған қызыл, жасыл, сары, көк түсті геометриялық пішіндер.

«Сылдыр қағаздағы сандар» ойыны

Мақсаты: 0-9-ға дейін сандардың атауларымен таңбаларымен таныстыру. Қол икемділіктерін дамыту.

Тәрбиеші 1-5 сандарды үстел үстіне қойып бастырады. Балаға кез-келген санды таңдауға рұқсат етіледі. Бала алдына тәрбиеші санды жазу кестесін қойып, санның жазылу ережесіне сүйеніп таңбасын түсіреді. Бала алдымен санды атап, сосын таңбасын жазуға кіріседі.

Керекті құралдар: ағаш кестелер, сылдыр қағаздар

«Шытырман-көлік» ойыны.

Мақсаты: түстерін ажырата білу, тура және кері санауға жаттықтыру, көліктің құрылысын дұрыс атай білуге үйрету.

Шарты: бала көлікпен ойнайды, көліктің құрылысын атап шығады, шытырмандағы моншақтарды түсіне қарай ажыратады, тура және кері санайды.

Қажетті құрал: ағаштан жасалған көлік, түрлі-түсті моншақтар

«Паравоз» ойыны.

Мақсаты: түстерді, пішіндерді дұрыс атауға, ажыратуға үйрету, пішіндерді дұрыс орналастыра білуге үйрету, икемділікке, ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Шарты: бала паравоз ойыншығын алдына қояды, оның барлық құрылысын атап

шығады (паравоз ағаштан жасалған, екі арбасы бар, 12 дөнгелегі бар), пішіндерін, түсін атайды, оларды паравоз арбасына орналастырады.

Қажетті құрал: ағаштан жасалған паравоз екі арбасымен және түрлі-түсті пішіндер.

4.Сөздік қорын дамыту материалдары (Тілдік аймақ) - қарым-қатынас жасау үшін адамның сөздік қоры ең басты роль атқарады. Бала туғаннан өсе келе қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін сөйлеуге тура келеді. Балабақшаға келген балаларда сенсорлық кезең болғандықтан, түрлі ойындар, әңгімелесу мен сұрақтар қою арқылы ойлау қабілетімен сөйлеу қабілеті күрт дамиды. Жалпы 2 жастағы бала негізінен 200-ден астам сөздерді меңгереді, ал 5 жастағы бала 3000-нан астам сөздерді игереді. Бала түрлі сұрақтар қою арқылы өзіндік сөздік қорындағы жетпей жатқан қажеттілігін қанағаттандырады. Сөйлеу қабілетін дамыту үшін ойындар мен түрлі жаттығулар қолданады.

«Қозғалмалы алфавит» ойыны

Мақсаты: әріппен дыбыс туралы түсініктерін қалыптастыру.

Шарты: Тәрбиеші себетке бірнеше заттарды салады. Мұнда атаулары мен жазулары сәйкес болады. Бала затты алып атын атайды, ал тәрбиеші оған сәйкес бірінші әріпін таңдап береді. Бала сосын қалған әріптерді құрып, сөзді тізіп береді.

Керекті құралдар: екі жәшікте толық алфавит бойынша әріптердің бірнешетүрлері салынады. Сылдыр қағаздың көлеміндей әріптер болуы керек. Дауысты дыбыстар қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстар көгілдір түспен белгіленеді. Екі жәшікте бір жолда жазылған әріптер салынады.

«Ыдыстар» ойыны

Мақсаты: балалардың күнделікті ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту, олардың қажеттіліктерін ұғындыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Шарты: ыдыс-аяқтардың аттарын атайды, оларды қандай мақсатта және қалай қолдануға болатындығын айтады.

Қажетті құралдар: ыдыс-аяқтардың суреттері

«Жылжымалы жемістер мен көкөністер» ойыны

Мақсаты: жемістерді көкөністерден ажырата білуге, оларды өз орнына қойып шығуға үйрету, қол, саусақ бұлшықеттерін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Шарты: бала тақтайшаны алдына қойып, ондағы шашыраған жемістер мен көкөністерді шытырман жол арқылы өз орнына апарып қояды, жемістер мен көкөністердің атын, ерекшелігін, түсін атайды.

Қажетті құралдар: тақтайшада орналасқан жемістер мен көкөністер.

«Қуыршақ театры» ойыны

Мақсаты: балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін, қиялын, ролдік ойындарды меңгере білуге, өз ойларынан ертегі құрастыра білуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.

Шарты: бала қуыршақ театрын алдына қояды, олардың әрқайсысына өзінше ат қояды, рол береді, өз қиялынан ертегі желісі бойынша немесе өмірлік тәжірибесі бойынша сюжетті-рольдік ойындар құрастырып ойнайды. Қажетті құралдар: әкесі, анасы, әжесі, атасы, ағасы, әпкесі және бауырынан құралған қуыршақ театры.

5. Қоршаған ортамен таныстыру материалдары. (Ғарыштық аймақ)

Бала туғаннан өсе келе қоршаған ортадағы заттармен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл аймақта астрономия, биология, география ғылымдарымен танысады.

«Жер шары» ойыны

Мақсаты: балалардың жер шары туралы түсініктерін кеңейту, өзендермен, көлдермен таныстыру, тілдерін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Шарты: бала глобусты айналдыра отырып жер шарымен танысады, өзендерін т.с.ін атайды, Қазақстан мемлекетін көрсетеді.

Қажетті құралдар: жер шарының макеті

«Микроскоп» ойыны

Мақсаты: балаларды микроскоппен таныстыру, мән-мағынасын түсіндіру, қоршаған әлемге деген қызығушылықтарын арттыру.

Шарты: бала микроскопты алдына қойып оның құрылысымен танысады, онымен ұсақ заттарды зертейді, микроскоптың атын атау арқылы тілін жаттықтырады.

Қажетті құралдар: микроскоп

Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көру, не есту керек.

Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады, әр түрлі іс-әрекетте әрқилы тәжірибелік істердің реттеушісі болады. Көркемдік шығармада заттық ортаның рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеуді нәзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сенімінсіз түсіну мүмкін емес. Психологиялық дамуда заттық үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды.

№ Q00020 05.02.2022 ж

АХИМБЕКОВА АСЕЛ ТАЛГАТОВНА
Шымкент қаласы №94 жалпы орта білім беретін
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



	Апатты табиғи құбылыстар			
Педагогтің аты - жөні	Ахимбекова Асел Талгатовна			
Күні	01.02.2022ж			
Сынып:4 «г»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Пәні	Қазақ тілі			
Сабақтың тақырыбы	Барыс септік.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.2.6.1 – белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау 4.2.6.2.- сөйлемдерден барыс септіктегі сөздерді тауып, жалғауларын білетін болады.			
Бағалау критерийі	мәтіндерді оқып,өзара салыстырады. Сұраққа жауап береді. Топпен жұмыс жасайды. Тыйым сөздерді оқып,жатқа жазып, байланысып тұрған сөзін сызбамен көрсетеді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру 3мин Өткен білімді еске түсіру 8 минут	Сабаққа дайындық Психологиялық ахуал қалыптастыру Үй тапсырмасын сұрау: 1.Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 1.Сын есімнің сұрақтары? 3.Морфология сөзінің мағынасы? 4.Зат есім дегеніміз не? 5.Етістіктің сұрақтарын ата? 6.Қазақ тілінде неше септік бар? 7.Септік жалғаулар дегеніміз не? 8.Зат есімнің	Шаттық шеңберін жасайды «Гүл жинау» әдісі бойынша сұраққа жауап.  Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады 	Мадақтау арқылы бағалап отыру ҚБ: Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді  	 Оқулық 15-21 бет
--	---	--	--	---


	септелуі дегеніміз не? 9.Қар көшкіні дегеніміз не? 10.Атау септігінің сұрақтары? 11.Ілік септігінің жалғаулары н ата. Жаңа сабақ			
2 минут	Есінде сақта! Барыс септігіндегі зат есімдер кімге? неге? кімдерге? нелерге?қай да? деген сұрақтарға жауап береді. Барыс септігі атау атау септігіндегі сөзге – ға,ге,-қа, -ке қосымшала ры жалғану арқылы жасалады.Б ұл	Ережемен танысады		Ереже жазыл ған тақта

	жалғауларды барыс септік жалғаулары деп атайды.			
Сабактың ортасы	46-жаттығу Мәтіндерді оқып, өзара салыстыр. Өрт қауіпсіздігі туралы ереже құрастыр	Мәтіндерді оқып, өзара салыстырады. Өрт қауіпсіздігі туралы ереже құрастырады	Дескриптор: мәтіндерді оқып, өзара салыстырады ойын дәлелдейді ереже құрастырады	Оқулық 46-жаттығу 23,24 бет Өрт қауіпсіздігі мазмұнында суреттер
5 минут	Дәптермен жұмыс 47-жаттығу Тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой, олардың жалғауына назар аудар.	Тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазады. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой, олардың жалғауына назар аударады.	Дескриптор: сөйлемдерді көшіріп жазады орфографиялық нормаларды сақтайды барыс септігіндегі зат есімдерді табады  ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Оқулық 47-жаттығу 24 бет



3минут	«Сергіту сәті»			тақта
5минут	48- жаттығу. Жұмбақ шешу	«Миға шабуыл» әдісі 	Дескриптор: Барыс септігіндегі сөздерді табады, сызбаны пайдаланып пікірді дәлелдейді 	
5минут	Топтық жұмыс. Берілген зат есімдерді септе		Дескриптор: Зат есімдерді септейді 	 

Бекіту 3 минут Кері байланыс 3 минут	«Үш сұрақ» әдісі 1. Сен көрші пәтердің терезесінен түтін шығып жатқанын көрдің. Қайда хабарлау керек? 2. Сен мектептен үйге қайтып келе жатып, өз үйіңнің дәлізінен газдың иісін сездің. Қайда хабарлау керек? 3. көшедегі мәшине бұрылыста жүргіншіні қағып кетті. Қасында ешкім болмады. Машине тоқтамады, бірақ сен номерін есіңе сақтап қалдың. Не істейсің? Қайда	Оқушы мұғалім берген сұрақтарға жауап береді Тыйым сөздерді жатқа жазып, барыс сетігіндегі сөздерге сұрақ қояды Кері байланыс жасайды	 	 Оқулық Кері байланыс парағы
---	---	--	---	---

	хабарлау керек? Үйге тапсырма 49-жаттығу 25 б 			
--	---	--	--	--

№ P00070. 03.02.2022ж..

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БАСТАМА!

ТУЛЬБАСИЕВА ЭЛЬМИРА

Шымкент қаласы №38 "Қуаныш" бөбекжай бақшасы.

Меңгеруші

«Өз эрудициясын кеңейту, сабақта қолдану үшін үнемі жетілдіру, заман талабына сай көштен қалмай өзгеріп отыру – мұғалімнің басты қасиеті болуы тиіс» деп А.Б.Перкезе

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтарды сақтай білуге, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, тарихи экономикалық ахуалын терең танытуға жете назар аударуымыз қажет. Қашанда ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған шақта ғана өркениет алға қарай дамымақ. Ол үшін қазіргі таңдағы жеке тұлға өзіндік дәлел нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, көңілді, белсенді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын бала ретінде қалыптасуын қамтиды. ХХІ ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз балалардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап ететіндіктен мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің танымдық процестерін дамытып, оқу, жазу, тәжірибе жасау дағдыларын қалыптастырып, сол талапқа сай болатындай етіп және мектепке қиындықсыз көшіп, тез бейімделіп кетуіне жағдай жасау қажет.

Сондықтан өз білімімді жетілдіру мақсатында Ақтау қаласында педагогикалық шеберлікті арттыру орталығында «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекшеліктерімен таныстым. Бағдарламаның түйінді идеялары болған : «4К» моделі, "Бала үні", "Ойын", "SMART" мақсат, "Бақылау", "Кері байланыс", "Танымдық оқиға", «Саралау» мен үшін құнды ақпарат болды. Бұл бағдарлама балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін ескере отырып дамытумен бірге педагогтардың да кәсіби жетілуіне зор үлес қосатыны анық. Себебі бағдарлама мазмұнымен танысу барысында балалармен қатар әріптестеріммен бірге ұжымдасып жұмыс жасап, ұтымды кері байланыс беруді үйрендім.

Сонымен қатар болашақта осы бағдарлама аясында алған білімімді өзімнің тәжірибем барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жүргізілетін барлық жұмыстардың мақсатын "SMART" мақсат етіп, яғни нақты, өлшенімді, қолжетімді әрі уақытпен шектеулі етіп бала әрекетіне бағыттап, және балалардың жас ерекшелігін, жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, баланы дамытуға арналған әр жұмыста "Бақылау" әдісін пайдалана отырып, саралап оқытатын боламын. Сонымен бірге бағдарламадағы түйінді идеялардың бірі және маған ерекше әсер қалдырғаны барлық ойын түрлерін жіктеп, "құрылымдалған ойын", "педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын», "еркін ойын" деп жүйеленгені және осы ойындар баланың қызығушылығын, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын арттырып, сөздік қорларын көбейтіп, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, сыни ойлау дағдыларын жетілдіретіне көзім жетті. Осы ойын түрлері өз тәжірибемде өте тиімді әрі қолайлы болды. В. Сухомлинский: "Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты" деп пікір білдірген. Сондықтан ойын түрлерін мектепке дейінгі ұйымдарда жиі қолданылуы тиіс деп ойлаймын. Жаңартылған бағдарлама бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалар еркін, өз ойларын ашық жеткізіп, тәжірибе жасау арқылы үйреніп, өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай дамуына оң ықпал етіп оытрғанын байқаймын. Сондықтан осы жаңартылған білім беру бағдарламасын құрастырушы және басшылық етіп отырған азамат пен азаматшаларға ұлуен рахметімді айтамын. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру жолында жасап отырған игі істеріңізге алғыс айта отырып, сәттілік тілеймін. Енді бар жігерімді мен білімімді бере отырып, үлкен жауапкершілікпен осы жаңа бағдарламаның әдіс-тәсілдерін және түйінді тұстарын пайдалудың арқасында, еліміздің жас ұрпақтарын саналы да білімді, ақылды, тәрбиелі, заман талабына сай азамат пен азаматша болып өседі деген сеніммен өз эссемді аяқтаймын.

№ Q00022 05.02.2022 ж

Балалардың тілін ертегілер арқылы дамыту

ЖУМАШОВА МАЙРА ХАЛЕШОВНА

Ақтөбе қаласы № 20«Дидар» балабақшасының тәрбиешісі

Мектепке дейінгі балалар білім мен тәрбиені балабақшадан алады. Әрбір тәрбиешінің міндеті саналы, адамгершілігі мол ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Баланың алғашқы қадамы және қоғаммен араласуы балабақшадан басталуы да сондықтан деп білемін.

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшада жалғасын табады. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол баланың бойындағы қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүйуге, батыр да батыл болуға тәрбиелейміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған қызығып еліктейді.

Ұлы педагог В. А. Сухомлинский: «Үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр тұлға өзінің рухани дамуына қажеттінің бәрін де ертегіден алады» деп айтқандай, мен өз тәжірибемде, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және сөйлеу қабілетін ертегілер арқылы дамытамын.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын оята отырып, ертегі кітаптарды тыңдай білуге үйрету, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Ертегі – қай халықтың болсын ертеден келе жатқан көне жанрларының бірі болып келеді. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа ертеден таралып келе жатқан мұра десекте болады. Ертегілер өз сюжетіне қарай халық ертегісі, тұрмыс-салт және жануарлар туралы, қиял-ғажайып ертегілері болып бөлінетіні бәрімізге мәлім.

Осы ертегілерді бала бойында ұмытылмастай етіп қалдыру үшін, ертегіні әр түрлі әдіс-тәсілдермен жеткізуге болады.

Мен балаларға ертегіні оқып қана қоймай, рөлге бөліп ойнатамын. Бейнетаспа арқылы ертегілерді көрсете отырып, кейіпкерлердің мінез-құлықтарына, әрекеттеріне назар аудартамын. Өйткені ертегілер ішінде жақсылық пен жамандық, батырлық пен жауыздық, қорқыныш пен әділетсіздік бәрі бірге жүреді. Ертегілерді сахналатуда балаларға кейіпкерлердің мінез-құлықтарын эмоция, дауыс ырғағы арқылы көрсете отырып, әрбір кейіпкердің жақсы жағын үйренуге, жаман жағынан жиренуге тәрбиелеймін. Өйткені мектеп жасына дейінгі балаларға, «жылы дауыспен» айтылған ертегілер, жұмбақтар, қызықты әңгімелер, тақпақтар балалардың жан дүниесіне әсер етеді және ақыл-ойын тез жетілдіреді деп ойлаймын.

Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала, ақылды, ойы зерек болып өседі. Ертеректе әжелеріміз «Ерте, ерте, ертеде...» деп балаларды ошақбасына жинап алуы да сондықтан. Ертегілер арқылы баланы тәрбиелеудің маңызы зор, ертегі баланы:

- Сюжетті сахналай білуге;
- Өз пікірін айта білуге;
- Сөйлеу қабілетін дамытуға;
- Ауызша сөйлегенде сөздік қорын арттыруға;

Жағымды жағымсыз қасиеттерді ажырата білуге үйретеді.

Мәселен, «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің бет-пердесін қолданып ойнатуға болады. Мұндағы ертегі кейіпкерлерін ойнаған (шалқан, атай, әжей, немере қызы, күшік, мысық және тышқан) балалар әр рөлге ене отырып, кейіпкерлердің көңіл-күйін сезініп, өз эмоцияларын білдірді, дауыс ырғағын сала отырып, қимыл-қозғалыс арқылы жоғары деңгейде сахналауға болады. Бұл ертегі арқылы балалар отбасындағы татулықты, ауызбіршілікті көрсетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау негізінде жобасы іске асырылуда. Соның негізінде, күнделікті күннің бірінші жартысында, таңғы асқа дейін балалармен бірге ертегі кітаптар оқу. Кейін сол оқыған ертегілерді талқылап, ертегі әлеміне саяхат жасап, кейіпкерлерді ермексиз арқылы мүсіндеп, суретін саламыз. Кейде балалармен ертегіні қайта жазу, толықтыру тәсілін пайдаланып, ертегінің соңын өзгертіп, тіпті кейіпкерлерді алып тастау немесе қосу арқылы баланың ішкі әлемін босатып, сиқыршы болуға да мүмкіндік беру. Осы ертегі арқылы, бала

бойындағы шығармашылық қасиеттерін ашу арқылы қызықтыру.

Сондай-ақ, балаларға ертегілерді үйретуде заманауи технологияларды қолдану. Фетрден жасалған «Ертегі-үйшікте» бір емес, бірнеше ертегі кейіпкерлері жасырылған. Ондағы ата мен әже бір емес, бірнеше ертегіге қатыса алады. Сондықтан, бұл «ертегі-үйшік» бірнеше ертегілерді



топтастырып, толықтырып отырады. Балаларды тәрбиелеуде ертегілерді күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметінде, тәрбие барысында үнемі қолданысқа еңгізу.

Балаларға ертегілерді оқи отырып, балалардың қызығушылығын оятып, сөзді тыңдай білуге, анық сөйлеуге үйрете отырып, адамгершілікке тәрбиелейміз. Ертегілердің тіл дамыту құралы болып табылатыны, баршамызға, мәлім-екені-белгілі.

№ Q00023 05.02.2022 ж

НАГИДУЛИНА АЙГУЛ ХАМИТОВНА

Ақтөбе қаласы

№ 20 «Дидар» балабақшасының тәрбиешісі

ТАҚЫРЫБЫ:	«Ғажайып фигуралар»	
ББС	Шығармашылық	
Бөлімі:	Аппликация	
Тәрбиешінің аты-жөні:	Нагидулина.А.Х	
	Мектепалды даярлық тобы	
Бөлім:	2. Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау	
Бөлімше:	2.1 Қайшымен жұмыс тәсілдері.	
Оқу мақсаты:	0.2.1.1 геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тік төртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тік төртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу)	
ҰОҚ мақсаты:	жолақтарды тік төртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп және де шеңбер мен сопақша пішінді етіп қияды, ғажайып бейнелер құрастырады.	
Күтілетін нәтиже	жолақтарды тік төртбұрыш, дөңгелек, шаршыларды үшбұрыш етіп қия алады, бейнелер құрастыра алады.	
Дағдысы	Түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдана алады, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтырады және әсемдей алады.	
Әдіс-тәсілдер	«Миға шабуыл» әдісі, «Пазл» әдісі, «Галереяға саяхат» әдісі.	
Ресурстар	Қима қағаздар, клей, қайшы, таныстырылым, видеоролик.	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған оқу қызметі	Ресурстар
I. Басы. Жағымды көңіл күй орнату. 0–2мин. Мақсатты болжам. 3–6 мин.	ҰОҚне дайындық. Балалармен сәлемдесу Ширату: Үшбұрышты қолданып, Төртбұрышты қолданып. Үй саламыз көріңіз, Қошеметпен кіріңіз. «Миға шабуыл» әдісі  - Не көріп тұрмыз? - Бұл белгі нені білдіреді? - Осы жолақшалардан не шығаруға болады - жолақты пайдалана отырып геометриялық пішіндер жасауға болатынын білесіздер ме? Балалардың жауаптарын тыңдау. Осы білу үшін экранға назар аударамыз. Болжау әдісі (видеоролик) арқылы бүгінгі тақырыпты не туралы екенін айтады.	Сурет 
II. Ортасы 6-9 мин. ЕСТЕ САҚТА!	Топқа бөлу.ПАЗЛ әдісі арқылы (4 К моделі) бала үнін ескере отырып (үш түрлі геометриялық фигураларды құрастыру арқылы бөлемін) Қауіпсіз жұмыс ережелері. <i>Жұмыс кезінде қайшы жүзінің қозғалысын бақыла. Қайшымен ойнама, қайшыны бетіңе жақындатпа. Қайшыны мақсатыңа қарай пайдалан.</i> Қайшымен жұмыс Жолақшадан геометриялық фигураларды қию. Жолақшадан геометриялық фигураларды	

9- 25мин	қиып,қарапайым бір бейне шығару. төртбұрыш,тік төртбұрыш, үшбұрыш,дөңгелек,сопақ пішіндерді қию ТТ: Тапсырма арқылы саралау. (Бала үні) Топтар өздеріне ұнаған тапсырма түрін таңдап алып жұмыс жасайды. <i>1)Ертегі кейіпкерін құрастыр;</i> <i>2)Өзіңнің сүйікті ойыншығыңды жасап көр;</i> <i>3)Туған күнге сыйлық жаса;</i> <i>4)Анашыңа тосын сый жаса;</i> Қабілеті балалар нұсқау арқылы пішінді өзі қияды, ал кейбір балалар педагогтің көмегі арқылы пішінді қияды. Топтық жұмыс барысында жеке әр қайсына барып балалардың қажеттілігіне қолдау көрсетемін. Мадақтау сөздер арқылы қолдау көрсетемін. Баланың қайшыны ұстауы, пішінді қиюы жіті бақыланады. Саусақтарға арналған сергіту жаттығуы Бойың сергісін, тік ұста, Емін-еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қара да. Үшбұрыш сыз ауада, Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тұрайық. Дидактикалық ойын: Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды. Кері байланыс: «Галереяға саяхат» әдісі арқылы балалардың жұмыстарын талқылап, үздігін таңдайды. Балалар жұмыстарын өзара	Өз таңдаулары бойынша ұнаған бейнеге смайлик жабыстыру
-----------------	--	---

	бағалайды. Өз жұмыстарының қатесін көреді. Бір-бірлеріне өзара кері байланыс береді.	
IV. ҰОҚ қорытындысы Аяқтау. 25–30 мин.	Рефлексия сұрақтары: «Бала үні» – Балалар, бүгінгі сабақта немен таныстыңыздар? – Сендерге топпен жұмыс жасаған ұнадыма? – Қайшымен жұмыс пен жабыстыру жұмысы қиын болды ма? – Келесі оқу қызметінде немен айналысқыларың келеді?	

№ Q00024 05.02.2022 ж

Балабақшада инновациялық технологияларды қолдану

МУКАТОВА ЖАҢЫЛСЫН БЕСБАЙҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

№20«Дидар»балабақшасының тәрбиешісі

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалар мен технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке

дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мынадай: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Оқу тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту әдістемесі:

- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- топпен жұмыс
- рольдік ойындар
- критикалық ойлау технологиясы
- «Мозайка» сабақтары
- «Миға шабуыл» әдісі

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

№ Q00025 05.02.2022 ж

Көктем

ШЕДЕНОВА КАМХА ЕДИЛКАНОВНА

Ақтөбе қаласы

№ 33 «Нұрсәт» балабақшасының тәрбиешісі

ҰОҚ мақсаты: Балалардың тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. **Білімділігі:** Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айтуға, берілген сұраққа нақты жауап беруге үйрету.

Тәрбиелігі: Құстарға, ағаштарға, қамқор болуға, еңбекшіл болуға тәрбиелеу.

Сабақ әдісі: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, ребус шешу.

Сабақ көрнекілігі: Көктем мезгілінің суреті, құстардың, бүршік жарған бұтақ, үлестірмелі суреттер

1. Ұйымдастыру оқу қызметінің барысы

а) Балаларды сабаққа дайындау

ә) Зейінін сабаққа аудару

2. Өткен сабақты пысықтау

- Балалар өткен сабақта не өттік?
- “Түлкінің туған күні”
- Түлкінің туған күніне қай аңдар келеді?
- Түлкі қандай ертегілерде кездеседі?
- Түлкі не жейді?
- Түлкіге мінездеме берейік.

3. Жаңа сабақ мазмұны

Балалар тақтада берілген бір шумақ өлеңге назар аударайық.

Ақ қар еріп, су көбейіп,

Сай-салаға толады.

Ағаш басы, бүршік шашып,

Гүл бәйшешек толады.

Бұл қай кезде болады?



-Көктем екенін қайдан білдіңдер?
-Көктемде неше ай бар?
-Көктемде ағаштар қайтеді?
-Жерде, далада қандай өзгерістер болады?
-Айтыңдаршы көктемде алғаш қандай құстар ұшып келеді? (бозторғай, көкек, қарлығаш, су құстары, т.б)
Көктемнің алғашқы күндерінен бастап жер бейне қылтиып, бой көтеріп гүлдер өседі.

Бұлар көктемнің алғашқы гүлдері деп аталады, олар: бәйшешек, қызғалдақ, жауқазын.

Дидактикалық ойын: “Бұл не?”

Шарты: Балаларға үлестірмелі материал таратылып беріледі. Оның ішінде гүлдің суретінің қиындылары бар, осы қиындыларды құрастырып, атын атап, әңгімелеп береді.

-Енді табиғатымызға сән-көрік беріп тұрған ағаштарды сындыруға бола ма? Ия, ағаштарға әркез күтім керек, түбін қопсытып, суарып ағаштардың жайқалып өсуіне қай уақытта болса да жалықпауымыз керек. Кейде табиғаттың тамаша ерекшелігі жаңбыр арқылы да суарылады. Біз көктемде егілген ағашты “жыл ағашы” деп атаймыз.



Сергіту сәті: Биік болып өсеміз,
Ағаштардай жайқалып,
Табиғатты сүйеміз.
Шетімізден шеберміз,
Денемізді бос ұстап,
Билеп-билеп аламыз.

Ребус шешу: “Наурыз” сөзі

Балаларға наурыз сөзінің мағынасын ашып айтып беру.

Наурыз деген сөздің өзі “нау-жаңа, рыз- күн” деген мағынаны білдіреді. Наурыз бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, ұлылықтың ұйытқысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін күн. Балалар, көктем мезгілі басталысымен адамдар қауырт еңбекке араласады. Жер жыртып, егін егіп еңбектенеді.

“Еңбек түбі-береке” дегендей еңбек нәтижесі арқылы гүлдер мен азықтар көп еңбектің арқасында келеді екен. Сондықтанда, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтендер. Табиғатты қорғандар.

Қорытынды бөлім:

Балалар көктем мезгілі мен қыс мезгілінің айырмашылығы қандай?

Көктем мезгілінде адамдар қандай жұмыспен айналысады екен?

Көктемде қандай мерекелер бар?

№ Q00027 05.02.2022 ж

МАХАМБЕТОВА АЙНУР БОЛАТҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

ЖШС «Шырайлым-2» балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сауат ашу»

Тақырыбы: «С дыбысы және әрпі»

Мақсаты: Балаларды «С» дыбысы және әрпімен таныстыру.

Дамытушылығы: «С» дыбысына сөз, сөйлем құрастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қысқа сөздерді оқыту арқылы тілдерін дамыту. «С» әрпінің баспа түрін жазуға үйрете отырып, таза, сауатты жазуға үйрету.

Балалардың оқу қызметіне, білімге деген қызығушылығын қалыптастыру,

Тәрбиелігі: Дүниетанымын кеңейту, адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: ойын, көрнекілік, талдау, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру.

Көрнекілігі: Көркем сурет әріптер, түрлі-түсті суреттер, текшелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Кел достарым, келіндер,

Қолдарыңды беріндер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді,
Жолдастарым кел бері
Толтырайық шаттыққа
Дөңгеленген шеңберді.

Негізгі бөлім.

-Балалар ,бүгін бізде сауат ашу оқу қызметі.Сендерге Сауатбек деген білгіш бала бір хат беріп жіберіпті.Ол сендерден бір көмек сұрағалы отыр.Бір затын жоғалтып алыпты.Қандай зат екенін айтпай отыр ,оны сабақ барысында тапсырмаларды орындаған кезде анықтайсыңдар деп отыр дұрыс орындасңдар мен сендерге бір әріптен беріп отырамын дейді.Көмектесеміз бе?

Ендеше бірінші тапсырма

1.Өткен оқу қызметінде қандай дыбыспен таныстыңдар?

Өткен сабақта қандай дыбыспен таныстық?

-Б дыбысымен.

-Б дыбысы қандай дыбыс?

-Дауыссыз дыбыс .

-Б дыбысына байланысты қандай жыр-шумақ жаттадық?

-Қане кім айтады?

1-бала :Батам,батам батпасын,

Батам жерде жатпасын.

Балабақша балаларын,

Құдай өзі сақтасын.

Аман болсын қазағым,

Еш жамандық тартпасын.

2-бала :Балабақша базарлы үй,

Ауылдағы ажарлы үй.

Күлкісі бар шуақта,

Өз үйіміз сияқты.

Д/ойын «Шәшіліп қалған дыбыстар»

-Бірінші әріп –С

2.Екінші тапсырма

«С» дыбысына байланысты сұрақтар мен жұмбақтар.

Сақинаны,сағызды,

Сарымсақты,сәбізді

Бастап тұрған қай әріп

Сапсыз орақ тәрізді? (С)

-Әрине ,енді маған жауап беріңдер

Қыздар құлағына тағады — Сырға.

Қыздар қолына тағады? — Сақина.

Уақытты көрсетеді? — Сағат.

Сиырдан не алынады? — Сүт.

Сызуға арналған құрал?— Сызғыш

Кірді немен жуамыз? – Сабын

Балалар шайнайды? – Сағыз

-Балалар осы сөздердің барлығы қандай дыбыстан басталып тұр?

-Дұрыс айтасыңдар, С с. Олай болса біз бүгін С с дыбысы мен әрпімен танысамыз.

-С қандай дыбыс?

-Дауыссыз дыбыс

-Қандай текшемен белгілейміз?

-Жарайсыңдар!

-Сағат, мысық, автобус, сандық (суреттер)-осы сөздерде «с» дыбысы бар, бірақ сөздердің басында, ортасында, аяғында кездеседі.

А әрпін ұсыну.

Үшінші тапсырма

3.Сөздерді буынға бөліп ,дыбыстық талдау жасау.

Сүт-бір буын, 3 дыбыс

Маса- 2 буын, 4 дыбыс

Сона-2 буын, 4 дыбыс

Буындап оқу – ас,са,со,тас, са-на, со-на (тақтада)

Ғ әрпін ұсыну

Сергіту сәті: Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым

Бір орнымда қозғалып,

Кезек басып тұрамын.

Жоғары, төмен қарайық.

Орнымызды табайық.

Төртінші тапсырма

4.Сөйлем құру.

А әрпін орналастыру.

Бесінші тапсырма

5. «С» әріпті бастыру

Тәріпті орналастыру, сөзді оқу.

Тапсырма «Сағатты жөндеу»

.Қорытындылау.

-Балалар оқу қызметі ұнады ма?

-Қандай дыбыспен таныстық.

Сауатбеке біздің көмегіміз тидіме?

Сағат не үшін керек?

Оқу қызметіне белсенді қатысқан үшін рахмет және Сауатбек сендерге тәттілік тарту етті.

УРЫНБАСАР ЖАЙНАГУЛЬ УРЫНБАСАРОВНА

Ақтөбе қаласы

№ 33 «Нұрсәт» балабақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі.

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі:

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Тақырыбы: «10 саны мен цифры».

Мақсаты: 10 санының таңбасымен таныстыру. 10 санының құрамын анықтау.

Балалардың күзіреттілігін дамыту.

Дамытышылығы: Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту. Дамытушы ойындар арқылы балалардың ой-өрісін, ойлау қабілетін, математикалық тілін, пәнге деген қызығушылығын, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелілігі: Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: он-десять

Сөздік жұмыс: екі таңбалы сандар

Көрнекілігі: Сан таңбалары, слайд, сурет.

Ұйымдастыру барысы:

- Сәлеметсіздер ме!

Жылулық шеңбері

Оқу білім аламыз,

Біздер зерек баламыз.

Математика пәнінде,

Тапқыр, алғыр боламыз.

Тәрбиеші: Иә, балалар! Біз өскенде зерек болып өсу үшін қандай болуымыз керек?

Балалар: Әдепті, ақылды, сабырлы, білімді болуымыз керек?

Тәрбиеші: Ендеше математикалық білімімізді толықтыру үшін оқу қызметімізді бастаймыз.

Математика оқу қызметінде нелерді үйренеміз?

Балалар: Санауды, сандарды, есеп шығаруды

Тәрбиеші: Балалар біз өткен оқу қызметінде қандай сан мен таныстық?

Балалар: 9 санымен

Тәрбиеші: Олай болса, тағы бір есімізге түсіріп көрейікші.

1 ден 9 ға дейін тура және кері санайық. (3 бала үш тілде тақтаға шығарып айтады)

Ойын: «Көршісін ата»

Мақсаты: Сандардың ретімен орналасуын пысықтау.

Ортаға 9 баланы шығарып, әр бала өзінің көрші санын табу .

Түсіндірме жұмыстары: (Экран арқылы)

10 саны 10 бірліктен, 1 мен 0 санынан құралады.

9 бірлікке 1 бірлікті қосқанда, 10 бірлік шығады.

$9+1=10$

5, 7, 9 сандарын жазу үшін неше цифр, 10 санын жазу үшін неше цифр қолдандық?

Жеке баламен жұмыс «Жіпке тіз» ойыны

Балалар түрлі-түсті жіпке 10 пішінді тізіп, түстерді айту.

Тапсырмалар:

Шаршы, шеңбер пішіндері арқылы балаларды екі топқа бөлу. Орын алмасу.

1 тапсырма «Есепте».

10ға дейінгі сандардан есеп шығару

Сергіту сәті:

Біз ботақан екеуміз,

Есептеуге бекембіз.

Ақтөс келіп қосылса,

Үшеу болып кетеміз.

Бір ауылда бірге өскен,

Бар қызықты бір кешкен.

Өжет бота Аямен,

Біз үшеуміз Ақтөспен.

Өжет бота Ая және мен

Біз үшеуміз Ақтөспен

Дейсің бе, біз нешеуміз

Біз бесеуміз, бесеуміз

Санамаққа жаттығып,

Алғыр болып өсеміз

Біз бесеуміз, бесеуміз

Алғыр болып өсеміз.

2 тапсырма «Түрлі-түсті түймелер»

Табақшадағы түймелерге сәйкес санды орналастыру.

10 санын ауада және баспа түрін жазғызу

Саусақ жаттығуы

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ

Бесті беске қосқанда

Болады екен он саусақ

Қорытынды:

10 санын орыс тілінде десять дейміз.

- Балалар, бүгін біз қандай санмен таныстық?
- Бүгінгі тапсырмалар ұнады ма?
- 10 саны неше цифрдан тұрады?

05.02.2022 ж № № Q00021

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

ТОХТАЕВА ЮЛДУЗХАН ХАЛМЕДОВНА

Алматы облысы Жаркент қаласы

«Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Көркем еңбек пәнін оқытуда –еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлімтәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет. Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде . Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде. Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс –қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Болашақ кәсіпкер: - өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі; - азаматтық нарыққа қатыса алады; - өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы; - жұмыстың сапасына жауап беруші. Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық – технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп,

жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің ісәрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. - оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану - сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б. Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты тандап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі. Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес,

көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады. Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды. Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі. Жобалау әдістемесінің талабы: 1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы. 2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады 3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады. 4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже: 5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек. Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады. Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

04.02.2022 ж № № Q00012

ҚАЗАҚ ОЮ-ӨРНЕГІ – ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА

КАЛИЕВА РАЯ НУСИПБАЕВНА

Алматы қаласы «№ 185 ЖББМ» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттың білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына, тікелей байланысты. Жалпы әр халықтың ұлттық білім беруі сол елдің экономикалық дамуына, халқының тарихи тағлымына, мәдениетінің деңгейіне сай болуы керек.

Ұлттың табиғатына терең бойламаған бәйтерек, тамыры жер бетіне ғана жайылған дарақ сияқты, жел соқса, шайқалып жылдам қопарылып түседі. Мемлекет болашағы бүгінгі жеті жасар ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне, іскерлігі мен парасаттығына тікелей байланысты.

Осы бағытта жас ұрпақты, қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрыпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген - қолөнер.

Қолөнердің халықтық әлеуметтік, салт тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екеніне, нақышына келтіріліп әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен ол ою-өрнек. Өткен өмірімізден өшпес мұра болып, материалдық мәдениетімізбен қатарласып, сабақтасып келе жатқан ою-өрнек.

Ою-өрнектің таралуы қолөнер, тұрмыс заттарының өркендеуімен байланысты. Олардың даму процестеріне халықтық әлеуметтік сана-сезімінің, болмыс тіршілігінің жанданып, мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруына да әсері болды. Сонымен қатар ою-өрнектің өркендеуіне ата-бабаларымыздың сезімдік талғампаздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, туған жердің қасиетті топырағы мен тоғай-тауларының құлпырған реңк-түрлері, шикізат байлықтары да қатты ықпал етті. Ұлтқа тән өзіндік ою-өрнек негіздері қалыптасып дәстүр алды. Пішу, үлгі алу, және басқа материалға көшіріп әсемдеу жолдары дамыды. Кілемге, киімге, сырмаққа, ыдысқа, қару жараққа, үй жиһаздарына арналған

ою түрлері қалыптасқан. Олай болса, ою-өрнек бүгінгі тіршілік өмірімізге бірден дайын күйінде келмеген. Ою-өрнек адам баласының ақыл-ойларының толып-толқуымен жүрегiнiң лүпілінен, өзін айнала қоршаған ортадан туған образдар. Гүлдің, жапырақтың, жан-жануарлардың бейнелері сол қалпында берілмей, көшірілмей, образдар арқылы ою-өрнекке айналып, қолдану аясына ерекше мәнерімен, үндестікпен, әуенмен жеткен. Бұл халықтың білімінің, шеберлігінің өсіп, ою-өрнек өнеріне қосқан үлесі, тапқырлығы, данышпандығы. Ою-өрнекті зертеп не екенін басқа елдерге жеткізген, көптеген шет елдердің саяхатшылары, тарихшылары, этнографтары, археолог-ғалымдары, айта кетсек, Г.Н.Потанин, В.В.Стасов, П.С.Паласс т.б айтуға болады.

Қазақ елінің топырағынан жаратылып, жоғары дәрежелі білім алып, қазақ қолөнерін жоғары бағалап, талдау жасап, ою-өрнекті топтастырып бір жүйеге келтірген этнограф тарихшы, әдебиетші, өнер танушы аталарымыз Ш.Уалиханов, Ә.Марғұлан, Ә.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, Т.К.Бәсенов т.б.жұмыстарын айта кетуімізге болады.

Қазіргі таңда, жас елде көне өнер түріне сүйіспеншілік, оны үйрету процестері көптеген елді мекендерде, ауыл-қалаларда тез дами бастады. Мектертерде үйірмелер, арнаулы сабақтар жүргізіліп көрмелер ашылды.

Көптеген шағын кәсіпорындар, кооператив-тер киім, кілем, ыдыс, ағаш бұйымдарды жасауда ою-өрнектерді көптеп қолдана бастады.

Оюдың өзіне тоқталатын болсақ заттың, бұйымдардың, жиһаздардың, ғимараттардың сыртқы пішініне, түріне, шығармашылық әуеніне ерекше мәнер, қосымша әсер беріп, қарпайым симетриялы элементтерден құрылып, ырғақ, теңеу, рең арқылы түзу жазықтықта немесе шаршы, ромб, шеңберлерде тұйықталып орналасқан әшекейлі өрнекті айтады.

Заттың бұйымның сыртқы пішініне, алатын орнына, атқаратын қызметіне, пайдалану мақсатына және шикізат түрлеріне қарай ою-өрнекті ойып, бояп, қашап, құйып, бедерлеп, өріп, заттардың түр-пішініне үйлестіре іске пайдаланған.

Оюлар әр шикізаттың физикалық қасиетіне, пайдаланатын өнер бұйымының қолдану аясына байлынысты рельефті, барельефті болып шешіліп, жазықтықта қалай қолданылса, кеңістікте де солай орын ала білген.

Ою-өрнектің классификациялық негізгі мәнері төрт топқа бөлінеді. Олар: 1. Геометриялық ою-өрнектер; 2. Жан-жануар, хайуанаттар ою-өрнектері; 3. Өсімдік тектес ою-өрнектер; 4. Космогониялық (аспан, көк әлемнің жер дүние сырын бейнелейтін) ою-өрнектер жатады.

Сондықтан ою-өрнектерге талдау жасап, әр классикалық топқа бөлмес бұрын ою-өрнектің негізгі құрылымы қалай, оюдың негізгі ерекшелігі неде, композициялық орналастыру ережесіне, ою-өрнектің пішінін, құрылысын, образдық белгісін өзгертуге симметрияның әсері? - деген сұрақтарға жауап беруіміз керек. Ою-өрнекті сәулет, кескіндеме қолданбалы өнерде, қолдан шыққан барлық өнер заттарын көркемдеуге, әсемдеуге пайдаланған.

Осы орайда ою-өрнектің өзін екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, ешқандай заттарды көркемдемей-ақ өз алдына жеке әшекей ретінде қолданылып, көрермендерге эстетикалық сүйсініс, әсер береді. Бұндай жағдайда оның көркемдік, әсемдік жақтары пайдаланады. Екінші түрінде шебердің қолынан шыққан заттарды, көркемдеп, толықтырып, айрықша көрініс, сән мән-мағына береді. Яғни, ою-өрнек жасалған заттан ерекше бөлінбей оның формасын, пішін- түрлерін шешеді. Осындай бұйымдар күнделікті тұрмыста пайдалануымен қатар, көрермендерге эстетикалық ләззат және рухани байлық болып ерекше сезімге тәрбиелейді.

Қазақ ою-өрнектерінің өздеріне тән сыңыр ою, тең, жүздеме ою секілді композиция құрылымы қалыптасқан. Аталған оюларда да композицияның классикалық-орталық бөлік, шет, жиек, фон негіздерімен бірге, симметриялық тепе-теңдік, тұйықтық, орнықтылық категориялары сақталған.

Жан-жануарлар қазақтың ою-өрнегінің ішіндегі ең көп тараған, ең көп қолданылатын түрі. Жабайы аңдар мен ұшатын құстар, малдар адам баласына ішетін сусын, жейтін тамақ, киетін киім болып ғасырлар бойы асырап келе жатқанын айтудың қажеті жоқ. Ата-бабамыз малдың ерекше қасиеттерін бағалап, ән-жырға, күйге қосты. Образдары шығармаларға, бейнелері қолөнерде ою-өрнекке айналды. Сондықтан хайуанаттар оюларының тамыры тереңде жатыр. Бұл оюдың негізін «қошқар мүйіз» өрнегі қалайды. Осы мүйіз түріндегі оюмен әшекейленіп, безендірілмеген ұлттық дәстүрлі бұйым, дүние-мүліктер, заттар жоқ десек қателеспейміз. Бұл өрнек қолөнер түрлерінің барлық салаларында кездеседі және кеңінен қолданылады.

Ою-өрнекпен зергерлер, шеберлер алқа, сырға, білезік, сырмақ, текемет, кілем, түскиіз, сандық-кебеже, киім кешектерді тағы да басқа тұрмыста қолданып жүрген заттарды өз ырғақ мәнерімен безендіріп отырған.

Ою-өрнектің мектепке қолданудың өзі оқушылардың қол шеберліктерін дамытып, ой-өрісін кеңітіп, эстетикалық талғамдарын байытады. Және де түзу сызық, қисық сызық, шеңбер сызғанда тигізер пайдасы мол. Сол сияқты симметрия туралы толық түсінулерге, көру, байқау қабілеттерін дамытуға, шексіздік туралы, композициялық құрылымның дұрыс орналасуын бақылауларына көп көмегі бар.

Оқушылар өз жасаған заттарын, айта кетсек, қыз балалар технология сабағында жасаған көрпешелерін, жастықшаларын, ал ұлдар жасаған домбыраларын, сандықшаларын, қобдишаларын ою-түрлерімен әшекейлеп, көркемдеп, әсемдеп, өмірде өз қажеттеріне пайдалана алады.

Әдебиеттер

1. Ж.Балкенов. Ұлттық ою өрнек. Қарағанды, 1998ж.
2. Қ.Болатбаев. Бейнелеу өнері. Атамұра, 1993 ж.

04.02.2022 ж № № Q00013

БІЛІМ САПАСЫ – МҰҒАЛІМ ІЗДЕНІСІНДЕ

АШИРОВА РАУШАН СЕЙТХАНОВНА

Түркістан қаласы

«№11 Ж.Жабаев атындағы орта мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі — мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі — педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық — әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Жинақтай айтсақ, ол – оқыту методикасына әдісіне жаңа элементтер ендіру, оның нәтижелегі арқасында уақытты тиімді пайдаланып, сапалық биікке көтеру. Мұғалім – оқушы арасындағы жаңа, өзіндік педагогикалық ынтымақтастық жолдарын табу, дарынды, уақытша үлгерімі төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыс жүргізудің жаңа әдістерін өндіру. Мұғалімнің пәндер, ғылымдар арасындағы байланысты жетілдірудегі өзіндік

үлесі, оқушыларға білім стандарттарын оқыту мазмұнын игеруіне тиімді өзіндік бақылауы, талдауы. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім: Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын; Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін; Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын; Білімді, іскер, шебер болу керек; Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Жалпы оқушыларымыздың жазу каллиграфиясы талаптарға неге сәйкес болмайды? Неліктен оқушылар көп қате жібереді? Қандай себептері бар? Осы кемшіліктерді қалай жеңеміз? Осы және тағы да басқа сұрақтар мені ұзақ уақыт ойландырды. Оқушылардың сапалы білім алуға деген қызығушылығын арттыру, сауаттылығын дамыту үшін мұғалім жаңа әдістәсілдерді қолданып, бір сөзбен айтқанда өз біліктілігі мен шеберлігін жетілдіруге атсалысуы керек. Бастауыш сынып оқушыларына бастапқыда техникалық талаптарды орындау қойылса кейін әріпті, буынды, сөзді, сөз тіркесті және сөйлемдерді дұрыс жазу дағдылары жетілдіреді. Е.Н. Потапованың, В.А. Илюхинаның методикалары бойынша балалардың саусақтарын дамыту, бастырып жазу, «күпия жазу» арқылы үлкен жетістіктерге жетуі мүмкін. Жас ұрпақтың бойында ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасады, ой—қиялы дамиды, мақал құрастыру, өлең, жұмбақ жазуға ойын ұштау тәсіл. Оқушыларға білім беруімен бірге сауатты оқуға, көркем жазуға да, сөйлеуге де, сұлу мәдениеттілікке жол ашатыны сөзсіз. Қорыта келгенде оқушылардың көркем, сауатты жазуға үйрету үшін 4-сыныптың қазақ тілі сабақтарында көркем жазу кезеңіндегі қолданылған жаттығуларды топтап көрсетейін: 1—жаттығу: Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады. 1. Әдемі көркем жазу 2. Сөйлемнің мағынасын, мәнін өз түсінігі бойынша айтқызу; 3. Ғибрат сөзіне дыбыстық талдау жасау; үйде осы сөздің мағынасын ажырату – сөздік дәптерге енгізу. 2—жаттығу: Ұстазыңа бар ықылас—ниетіңмен қызмет қыл. 1. Көшіріп жазу; 2. Сөйлемнің мағынасын түсіндіру; 3. Синоним сөздердің астын сызу; 3—жаттығу: Халқыңа қызмет ет, Ізгілерге ізет ет, Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет. 1. Есіңе сақтап, жаттап ал. 2. Үйде шағын дәлелдеуші эссе жазып келу; 4—жаттығу: Надандықтың белгісі—тілін алмау білгеннің. /Асанқайғы/ 1. Әдемі, көркем жазу; 2. Сөйлем мағынасын түсіндіру; 5—жаттығу: Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді. 1. Әдемі, көркем, көшіріп жазу; 2. Антоним сөздердің астын сызу; 3. Мысал келтру, дәлелдеу. /үйге тапсырма/ 6—жаттығу: Қазақ халқы—ең бір бейбіт халықтардың бірі. 1. Әдемі, көркем жазу; 2. Бейбіт сөзіне дыбыстық талдау жасау; 3. Неліктен бейбітшілікті сүйеміз, / дәлелдеу/ 7 — жаттығу: Берекені көктен тілеме — еткен еңбектен тіле. 1. Әдемі, көркем жазу; 2. Береке сөзіне

синоним сөздер жазу; 3. сөйлем мағынасын түсіндіру; 8 – жаттығу: Білімнің бас құралы – кітап. 1. Білім, кітап туралы мақал -- мәтел айтқызу. 2. Әдемі, көркем жазу; 9 – жаттығу: Жақсылықты міндет етсең, жамандыққа кез боласың. 1. Әдемі, көркем көшіріп жазу; 2. Антоним сөздердің астын сызу; 3. Үйде: жақсылық туралы эссе жазып келу. 10-жаттығу: Сөздің сәулесі де бар, аязы да бар. 1. Көшіріп жазу; 2. Сөйлем мағынасын түсіндіру; 3. Қарама-қарсы мағыналы сөздердің астын сызу. Қорыта келе “Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Қазіргі мынау заман талабына сай ақпараттық технологиялардың даму қарқынының басымдылығы соншама барлық жазу үрдісі компьютермен қамтылған. Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмау қажет. Қарыштаған заманда біз өз қалыптасқан көркем жазу сауаттылығын ұмытпауымыз керек! Көркем жазу, өзіндік жазу жазбалары сауаттылықтың нышаны. Құрметті ұстаздар! Оқушыларымыз сауатсыз болмасын десек, жазу дағдысын, көркем үлгі деңгейін көтерейік! Оқушының жазу мәнерін әдемі болып қалыптасуына бастауыш сынып мұғалімдері жауаптымыз.

МАЗМҰНЫ

- *ХАКИМОВА ХАЛИДА РАСУЛТАЕВНА*
- *ДУЙСЕМБЕКОВА КАРГАШ ЕЛЕУОВНА*
- *БЕКБЕРГЕНОВА НҰРГУЛЬ ЖИНИСОВНА*
- *ТУЛЕШОВА БИБИСАРА*
- *ОМАРОВА АЙНҰР СҰЛТАНҒАЛИҚЫЗЫ*
- *АХИМБЕКОВА АСЕЛ ТАЛГАТОВНА*
- *ТУЛЬБАСИЕВА ЭЛЬМИРА*
- *ЖУМАШОВА МАЙРА ХАЛЕШОВНА*
- *НАГИДУЛИНА АЙГУЛ ХАМИТОВНА*
- *МУКАТОВА ЖАҢЫЛСЫН БЕСБАЙҚЫЗЫ*
- *ШЕДЕНОВА КАМХА ЕДИЛКАНОВНА*
- *МАХАМБЕТОВА АЙНУР БОЛАТҚЫЗЫ*
- *УРЫНБАСАР ЖАЙНАГУЛЬ УРЫНБАСАРОВНА*
- *ТОХТАЕВА ЮЛДУЗХАН ХАЛМЕДОВНА*
- *КАЛИЕВА РАЯ НУСИПБАЕВНА*
- *АШИРОВА РАУШАН СЕЙТХАНОВНА*